

А. Кушербаева* , **М. Әлікбаева** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail:

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ДІНДАРЛЫҚ ФЕНОМЕНІ: ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТЕГІ ДІНИ СҰРАНЫСТАР

Теориялық тұрғыда, зайырлы мемлекетте мемлекет діннен, дін мемлекеттен бейтарап болып есептеледі. Ата Заңымыз бойынша, Қазақстан Республикасының әр азаматына діни сенім бостандығы толыққанды берілген. Сондай-ақ, этникалық, конфессиялық, басқа да кемсітушіліктерге тыйым салынған. Аталмыш мақаланың мақсаты – Қазақстандағы дін феноменін айқындау және «зайырлы» ұғымын әртүрлі ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйене отырып кеңінен талдау болып табылады. Сонымен қатар, зайырлы мемлекеттер мен зайырлы емес мемлекеттердегі дін мәселесін жан-жақты саралап, мемлекет пен дін арасындағы байланыстың тетігін айшықтау. Зерттеу жұмысының әдіснамасы – ғылыми мақалада көптеген белгілі ғалымдар мен осы тақырып төңірегінде құнды зерттеулер жүргізген зерттеушілердің «зайырлылық» және «секуляризация» ұғымы туралы тұжырымдамалары мен гипотезаларын сараптау нәтижесінде басты әдіс-тәсіл ретінде компаративистика әдісі кеңінен қолданылады. Зерттеу барысында, «секуляризация» ұғымын жан-жақты зерттеген ғалымдардың пікірі мен зерттеу еңбектері талқыланады. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың дін саласындағы саясат мәселелері бойынша ұлттық диалогты нығайтуға қабілетті мемлекет екендігіміздің айқын дәлелі келтіріліп, ел азаматтарының барлық сындарлы талаптарына сай шұғыл әрі тиімді әрекет ететін «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының жақтаушысы болып келетіні сарапталады. Сондай-ақ, мақалада Батыс пен Шығыстың алтын көпірі болған қазақ елінің дінге деген көзқарасы зерделенеді. Нәтижесінде, салт-дәстүріне берік, ұлттық идеологияны басты орынға қойған қазақ халқы діни фанатизмнен іргесін аулақ ұстағаны, сонымен қатар, қазақ халқының ұлттық тәжірибесінде отбасы құндылықтары, рухани құндылықтар, өмір сүру дағдылары да мейлінше бірлік пен тірлікке, адамгершілік пен мейірбандыққа, сыйластық пен татулыққа, ар-ождан мен намысқойлыққа негізделгені жан-жақты талданады.

Түйін сөздер: зайырлылық, секуляризация, феномен, дін, өркениет.

A. Kuserbayeva*, M. Alikbayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: aliya_k2023@mail.ru

The Phenomenon of Religiosity in Kazakh Society: Religious Requests in a Secular State

Theoretically, in a secular state, the state is considered neutral from religion, religion from the state. According to the law, every citizen of the Republic of Kazakhstan is fully granted freedom of religion. Ethnic, religious is also prohibited. The purpose of this article is to identify the phenomenon of religion in Kazakhstan and a broad analysis of the concept of "secular" based on research works by various scientists. In addition, to comprehensively differentiate the consequences of the movement of the problem of religion in secular states and non-secular States. Research methodology-the scientific article widely uses the method of comparative studies as the main method as a result of the analysis of concepts and hypotheses about the concept of "secularization" by many well-known scientists and researchers who have conducted valuable research. The research discusses the opinions and research works of scientists who have comprehensively studied the concept of "secularization". At the same time, there is clear evidence that the President of Kazakhstan, Kassym-Jomart Kemelevich Tokayev, is a state capable of strengthening national dialogue on religious policy, and is a supporter of the concept of a "hearing state". According to a study by the Russian State University "Scientific Research and Analytical Center on Religion" of the Committee on Religious Affairs of the Ministry of Religious Affairs and Civil Society of the Republic of Kazakhstan, sociological science has a typology developed on the basis of various foundations of secular and non-secular states.

Key words: secularization, phenomenon, religion, civilization, public consciousness.

А. Кушербаева*, М. Аликбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

*e-mail: aliya_k2023@mail.ru

Феномен религиозности в казахстанском обществе: религиозные запросы в светском государстве

Теоретически светскость означает нейтральность государства от религии, религии от государства. Согласно Конституции, «каждый имеет право на свободу совести» и каждому гражданину Республики Казахстан предоставлена свобода вероисповедания, «никто не может подвергаться какой-либо дискриминации по мотивам происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам». Целью статьи является всестороннее изучение феномена религии в Казахстане и анализ понятия «светский» на основе исследовательских работ зарубежных и отечественных ученых, а также дифференцировать проблемы религии в светских государствах и в государствах с определенным статусом религии и выявить механизм взаимоотношений государства и религии. Методология исследовательской работы. В научной статье используется метод компаративистики в качестве основного метода, при этом научным обоснованием служит анализ концепций и гипотез о понятии «секуляризация» многих известных ученых и исследователей, проводивших комплексные исследования по данной теме. В рамках данной статьи приводятся теоретические обоснования понятия «секуляризация», обосновывается политика межконфессионального диалога, проводимая Президентом Казахстана Касым-Жомартом Кемелевичем Токаевым, исследуются особенности светскости государства, вопросы укрепления диалога в сфере религии, и концепция «слушающего государства», оперативно и эффективно действующего в соответствии со всеми конструктивными требованиями граждан страны. Также в статье изучена особенность религиозного мировоззрения казахского народа, всесторонне проанализированы традиционные ценности казахского народа, как нравственность и доброта, уважение и честь, совесть, семейные и духовные ценности основанные на единстве традиции и национальной идеологии, далёкой от религиозного фанатизма.

Ключевые слова: секуляризация, феномен, религия, цивилизация, общественное сознание.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Қазақстан Республикасы демократиялық және зайырлы мемлекет болып табылады. Теориялық тұрғыда, зайырлы мемлекетте мемлекет діннен, дін мемлекеттен бейтарап болып есептеледі. Ата Заңымыз бойынша, Қазақстан Республикасының әр азаматына діни сенім бостандығы толыққанды берілген. Сондай-ақ, этникалық, конфессиялық, басқа да кемсітушіліктерге тыйым салынған.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитеті «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы» РММ-ның зерттеуіне сүйенсек, 2011 жылдың 18 мамырында дін саласындағы дербес уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігі құрылды. Агенттік тарапынан мемлекеттің дін саласындағы стратегиялық бағытын айқындаған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы әзірленіп, ол 2011 жылдың 11 қазанында қабылданды. Заңның преамбуласында халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өмірінде ханафи бағытындағы исламның және

православтық христиандықтың тарихи рөлі танылатыны атап көрсетілген. Зайырлы мемлекетте діннің өзіндік орны бар. Дін мемлекеттен бөлінгенімен, халықтың болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен бөліне алмайды. «Зайырлылық» ұғымы мемлекеттің дінге деген ұстанымының демократиялық сипатта екенін, діни сенім бостандығының қамтамасыз етілетінін танытады (Алтайқызы, 2021: 144). Мемлекет пен діннің арақатынасындағы байланыстар зайырлы және рухани-діни құндылықтардың арақатынасы негізінде орныққан.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 22-бабында былай делінген:

1. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар.

2. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс (adilet.zan.kz, 2022).

Қазақстан халқының көпшілігі исламды ұстанады (70%), 26% католицизм, православие, протестантизм, 0,2% буддизм, 0,1% басқа діндер (негізінен иудаизм) және 3% діни емес. Қазақстан Конституциясында Қазақстан мемлекеті

зайырлы мемлекет болып табылады, бірақ діни сенім бостандығына кепілдік беріледі (Досмахамбетұлы, Онушко, 2023: 65).

Конституцияның 39-бабында адамның құқықтары мен бостандықтары ешқандай жолмен шектелмейді деп көзделген. 14-бап діни негізде кемсітуге тыйым салады. 19-бап адамдардың өз ұлтын, партиялық қатыстылығын, дінін растауға немесе растамауға құқылы екендігіне кепілдік береді. Діни тәжірибені шектеу Конституцияға қайшы келеді.

Сонымен қатар, діни қызметті тіркеу шарттары кемінде 500 діндар (жергілікті деңгей) және 5000 діндар (мемлекеттік деңгей) болуы керек. Шетелдіктерге миссионерлік қызметпен айналысу қиынырақ. Заң сонымен қатар тыйым салынған әрекеттерді қарастырады. Мысалы:

- мемлекеттік мекемелерде діни рәсімдерді орындамау;
- ата-аналарының немесе туыстарының балаларының діни қызметіне заңды құқықтарын кеңейту;
- діни қызметкерлер діни іс-әрекеттерді жасау кезінде діндарлардың денсаулығына зиян келтірсе, қамауға алынуы немесе түрмеге жабылуы мүмкін.

Мешіт құжаттарын толтырудың біртұтас ережесі Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің архивтер мен құжаттарды басқару комитетінің белгілегеніне сүйене отырып жүргізіледі. Сондай-ақ, ислам дінбасылары мешіттерде мазмұнды оқу бағдарламасын және пәндерді бекітуге жауапты.

«Министрлік жүйелі түрде елдегі діни ахуалдың жағдайы мен даму динамикасына мониторинг жүргізіледі.

Бүгінгі таңда республикада 18 конфессияға тиесілі 3796 діни ұйым тіркелген: 2664 исламдық, 342 православие, 86 католик, 591 протестант, 60 Ехоба куәгері, 24 Жаңа апостолдық шіркеу, 11 Кришна санасы қоғамы, 7 иудаизм, 6 Бахаи қоғамы, 2 буддистік, 2 Иса Мәсіхтің соңғы күнгі әулиелер шіркеуі (мормондар), 1 Бірігу шіркеуі (муниттер).

Елде 3566 ғибадат үйі бар: 2664 мешіт, 300 православие шіркеуі, 108 католик шіркеуі, 402 протестанттық шіркеуі, 57 Иегова куәгерлерінің үйі, 24 жаңа апостол шіркеуі, 6 синагог, 2 Бахаи қауымы, 2 Кришна санасы қоғамы діни бірлестігі және 1 буддистік ғибадатхана.

Ресми түрде 584 миссионер тіркелген, олардың 433-і шетел азаматтары және 151-і Қазақстан азаматтары» (gov.kz, 2023).

Гарвардтың 2005 жылғы есебі бойынша, әлемдегі 75 елде мемлекеттік дін қабылданған. 113 ел ресми түрде мемлекеттік дін бекітілмеген. Дін ғасырлар бойы адамзат баласымен бірге жасап келе жатқан құбылыс десек болады. Тарих беттерінен, дін үшін қаншама соғыстар болғанын білеміз. Ал, кейбір мемлекеттерде, мәселен, Америка Құрама Штаттарында діни билік пен зайырлы билік қатар жүреді. Францияда 1905 жылдан бастап мемлекеттен дін бөлініп, зайырлы мемлекетке айналады. 1872 жылғы заң бойынша, Францияда адамдардың этникалық және діни сенімдері бойынша статистикасын есептеуге тыйым салынған. Кейіннен, яғни, 1978 жылы аталмыш заң тағы мемлекеттік тұрғыда расталды (Juergensmeyer, 2023: 210).

Қай мемлекетте болмасын, дін мәселесі асқан жауапкершілікті, білімдарлықты қажет ететін маңызды мәселе. Жақында ғана елімізде мектеп оқушыларының хиджаб киюіне байланысты көптеген даулы мәселелер орын алғанын білеміз. Франция Республикасының заңнамасы мен ислам арасындағы қайшылықтың салдары бұқаралық ақпарат құралдарында айқын көрініс тапқанын да білеміз. Себебі, басылым беттерінде, әсіресе, Франция елінде діни алауыздық, діни қақтығыстар жиілеп кеткені туралы жиі сөз қозғалады.

Бір жағынан, Франция Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағына сәйкес: «Франция – бөлінбейтін, зайырлы және демократиялық әлеуметтік республика. Мемлекет барлық азаматтардың, аймаққа, нәсілге немесе дінге қарамастан, заң алдында тең болуын қамтамасыз етеді» делінген. Ал, екінші жағынан, соңғы он жыл ішінде Францияда мұсылмандардың жеке діни тәжірибесі мен республиканың құндылықтары туралы сот процестері жиі жүріп отырды.

Бұл өз кезегінде, адамдардың «зайырлылыққа» деген сеніміне селкеу түсірді. Әсіресе, соңғы үш жағдай мемлекет пен дін арасындағы қайшылықтарға душар етті. Оған:

- хиджаб киюіне рұқсат бермегені үшін Ясли Лудың төменгі соттан Жоғарғы сотқа шағымданған ісі (Affaire de la crèche Baby Loup),
- 2016 жылдың жазында қоғамды дүрліктірген «буркиниге тыйым салу ісі»;
- «Файз ісі» сеп болды.

Яғни Францияда ислам дінін ұстанатын адам санының баршылық екені анық байқалады.

Тарихи деректерге көз жүгіртсек, «зайырлылық» ұғымының пайда болуы, әсіресе, Франция

елінде ерекше талқыланды. Мәселен, Google жүргізген зерттеуге сәйкес, «секуляризация» және «зайырлылық» сөздерінің жиілігін талдау бойынша, «секуляризация» сөзі 1870 жылдары француз әдебиетінде кенеттен пайда болғанын және ол алғаш рет 1871 жылы 11 қарашада «La Patrie» атты газетте қолданылғанын көрсетеді. «La Patrie» екінші дүниежүзілік соғыс кезінде пайда болған Париждегі консервативті газет болып есептелді. Секуляризация терминін қолдану жиілігі 1885-1890 жылдары шарықтау шегіне жетті. Одан кейін қысқа уақытқа төмендеді, қайтадан тез қалпына келді. Ал, 1905-1910 жылдары қайтадан шарықтау шегіне жетіп, қайта төмендеді.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін француз тілінде «секуляризацияны» қолдану жиілігі қайтадан өсті және ол 1970 жылдардың аяғында алдыңғы рекорд орнатылғаннан кейін тіпті, арта түсті. Шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы 1905 жылғы заң (шіркеулер мен мемлекетті бөлуге қатысты 1905 жылғы 9 желтоқсандағы Заң) 1880 жылдардан бері жүзеге асырылып келе жатқан зайырлы республиканы құру бойынша бірқатар күш-жігердің кезең-кезеңімен қол жеткізуіне мұрындық болды. 1905 жылы «зайырлылықтың» жүзеге асырылуы да, зайырлы демократияның аяқталуы да болған жоқ. Себебі, ол кездері зайырлылық «Үкімет пен діннің бөлінуіне» тең келмейді деп есептелді.

1946 жылғы Конституцияның 1-бабы алғаш рет Франциядағы «зайырлылық» ісін жандандырып, Франция «Зайырлы Республика» болып есептелді. Осы күнге дейін қолданыста болған бұл конституциялық ереже 1958 жылы бесінші Республика құрылғаннан кейін бірқатар даудың орын алуына себепші болды. 1968 жылы орын алған «Қызыл мамыр» атты көтеріліс барысында, бір мезгілде «зайырлы» деген ұғымды кеңінен қолдану қарқыны қайтадан арта бастады. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы және Бесінші Республиканың құрылуының алғашқы он жылы «секуляризация» және «зайырлылық» ұғымдары төңірегінде салыстырмалы түрде тұрақты пікірталас кезеңіне айналды (Иванченко, 2022: 21).

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Зерттеу мақсаты мен міндеті – Қазақстандағы дін феноменін айқындау және «зайырлы» ұғымын әртүрлі ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйене отырып кеңінен талдау, қоғамдағы

орны мен тәсілдерін анықтау болды. Тарихта орын алған әртүрлі зайырлы мемлекеттің көрінісі мен олардың қоғамда үстем еткен заңнамасын қолда-нуда дін мен зайырлылық ұғымдары қалай әсер еткендігі көрсетілген. Сонымен қатар, зайырлы мемлекеттер мен зайырлы емес мемлекеттердегі дін мәселесін жан-жақты саралап, мемлекет пен дін арасындағы байланыстың тетігін айшықтау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Ғылыми мақалада көптеген белгілі ғалымдар мен осы тақырып төңірегіндегі зерттеушілердің «зайырлылық» және «секуляризация» ұғымы туралы тұжырымдамалары мен гипотезаларын сараптау нәтижесінде басты әдіс-тәсіл ретінде компаративистика әдісі кеңінен қолданылады. Аталмыш мақалада тақырыпты кеңінен ашу мақсатында А. Әбдірәсілқызы, Ж. Аханов, Г. Оспан, А. Мұғауова, Б. Баймаханов, М. Исхан, М. Муслимовтың құрастыруымен әзірленген «Зайырлы мемлекет және дін қатынастары: теориясы мен тарихы, шетелдік және отандық тәжірибесі» атты еңбегі, Juergensmeyer, M. «The new cold war? Religious nationalism confronts the secular state», Иванченко, Е. А. «Мусульманская община во Франции: проблемы религиозной и социокультурной интеграции», Casanova, J. «The secular and secularisms. Social Research: An International Quarterly», Құрманәлиева А. «Діни ұйымға тартудағы психологиялық әдістер ерекшелігі» атты еңбектері пайдаланылды.

Негізгі бөлім

Дәстүрлі түрде Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өткізіліп келуде. Мәні мен маңызы орасан зор аталмыш съездің өтуіне Қазақстанның бастамашылық етуі – еліміздің өркениетаралық диалогты нығайтуға деген сенімінің берік екенін айқындай түседі. Мәселен, 2022 жылы 14 қыркүйекте өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінде ел президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев былай деп сөз сөйлейді: «Біздің съезд өркениетаралық диалог орнататын жаһандық деңгейдегі алқалы жиынға айналды. Бұл форумды өткізуге Қазақстанның бастамашылық етуі бекер емес. Себебі қазақ жері ғасырлар бойы Батыс пен Шығыстың арасындағы көпір болып келеді. Осында, яғни Ұлы дала төрінде небір алып көшпелі империялар өмір сүрген. Діни ұстамдылық – олардың бәріне ортақ сипат».

Бұдан шығатын қорытынды, Батыс пен Шығыстың алтын көпірі болған қазақ елінің дінге деген көзқарасы да ерекше болды. Салт-дәстүріне берік, ұлттық идеологияны басты орынға қойған қазақ халқы діни фанатизмнен іргесін аулақ ұстады. Себебі, қазақ халқының ұлттық тәжірибесінде отбасы құндылықтары, рухани құндылықтар, өмір сүру дағдылары да мейлінше бірлік пен тірлікке, адамгершілік пен мейірбандыққа, сыйластық пен татулыққа, ар-ождан мен намысқойлыққа негізделген.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитеті «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы» РММ-ның зерттеуінде келтірілген тағы бір маңызды мысал бар. Тарихи кезеңдерде, әлемдік және дәстүрлі діндердің арнасы кеңейе бастағанда, бірталай ұлттар арасында дін таңдау мәселесі басты орынға ие болды. Тәңірлікті ұстанған Көк Түрік қағанаты кезеңінде түркілер көрші елдің басты діні буддизммен тереңірек таныса бастайды. Будда ілімін күп көрген кейбір қағандар ғибадатханалар салдырып, будда дінін насихаттай бастайды. Бірде Түркі қағанатының ұлы қағаны Күлтегін мен келелі кеңесшісі Тоныкөктің арасында «будда дінін қабылдау керек пе, жоқ па?» деген сұрақ бойынша талқылау болады. Нәтижесінде, будда дінінің негізгі он қағидатының бірі «Тірі жан иесінің өміріне қауіп төндіруге болмайды» деген ұстаным екенін білген Білге қаған: «Біз желдің өтінде, күннің бетінде, жаудың шетінде жатқан елміз. Ертең ел шетіне жау келсе, қасқая қарсы тұрып ел қорғамай, «тірі жан иесінің тіршілігін сақтандар» деп бас бұғып отыра алмаймыз. Бұл дін біздің жауынгерлік рухымызға сай келмейді» деп будда дінін қабылдаудан бас тартады.

Қазақ тарихында «зайырлылық» ұғымы, әсіресе, Алтын Орда дәуірінде қалыптасады. Мәселен, Бату хан «Алтын Орда» деген ұланғайыр мемлекетін Шыңғысханның «Ұлы Яса» заңымен басқарады. Кейіннен Қазақ хандығы құрылғанда Есімханның «Ескі жолы», Қасымханның «Қасқа жолы», Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» зайырлылықтың биік үлгісін көрсетеді.

Қазіргі таңда секуляризацияның озық үлгісін көрсетіп келе жатқан Вьетнам мемлекетінің дінге деген көзқарасы да айрықша. Будда дінін ұстанатын Вьетнамда саяси және діни қатынастарды қарастыра отырып, мемлекет діни емес, марксистік атеизммен сипатталады. Бұл мемлекет ешқандай дінге сенбейтінін білдіреді. Сонымен бірге Мемлекет діндерге бірдей қарайды.

Мұндай көзқарасты анықтайтын негізгі қағида – үлкен ұлттық бірлік. Атап айтқанда, мотивация мен мақсат – діндер арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты, діни қауымдастықтар мен бүкіл ұлт арасындағы дүрдараздықты шектейтін консенсус рухын, елдің дамуын социалистік бағытта жүргізетін біртұтастық пен ортақ құндылықтарды қамтамасыз ету.

Жаңа режим билігінің басынан бастап, Президент Хо Ши Миннің және Вьетнам Коммунистік партиясының басшылығымен Вьетнам әртүрлі дінді ұстанатын азаматтардың бірлігін қамтамасыз ететін прагматикалық және қолайлы зайырлы модельді таңдады. Ықпалды діндер мемлекеттің тікелей басқаруында, ал қалған діндер халық арасында құрметке ие.

1945 жылдан бастап 1980 жылдардың екінші жартысындағы Жаңару кезеңінің басталуына дейін тарихтың және әлеуметтік-саяси тәжірибенің нақты кезеңдері болған жоқ. Керісінше, діни-саяси қатынастар шын мәнінде идеалдар мен принциптердің қатынастарымен бірдей болды.

Нәтижесінде, Вьетнамдағы діни саясатты реформалау процесі үлкен жетістіктерге жетіп, діндердің ұлттық мемлекетте дамуына көптеген мүмкіндіктер пайда болды. Бірақ соның өзінде дінге байланысты барлық кедергілер жойылмады. Мемлекеттік субъект тарапынан діни құқықтық базаны толықтыру, діни жұмысты ілгерілету, дінге байланысты қақтығыстарды шешу талабы әлі де маңызды мәселелер болып қала береді.

Осы тұста белгілі ғалым И.В. Понкиннің зайырлы мемлекеттің төрт моделін ұсынғанын тілге тиек еткеніміз жөн. Олар:

- 1) преференциялық;
- 2) эквипотенциялық;
- 3) контаминациялық;
- 4) идентификациялық.

Алғашқы преференциялық модельде мемлекеттің басты ерекшелігі бір немесе бірнеше дінге басымдылық беруі. Оған мысал ретінде, Германияны айта аламыз. Ал эквипотенциялық модельде дінге түбегейлі тыйым салынады. Ондай мемлекеттерде діни кітапшаларды, діни оқулықтарды шығаруға, рәміздерде дінге байланысты белгілерді пайдалануға болмайды. Контаминациялық қалыпқа, көбінесе, Шығыс өркениетін, мәселен, Израиль, Үндістан, Индонезия мемлекеттерін жатқызуға болады. Яғни, дін мен зайырлылықтың тығыз байланыста болатын елдерді айтамыз. Идентификациялық қалып көпұлтты мемлекеттерге тән. Ресей, Франция, Украина сияқты елдерді жатқызуға болады.

Нәтижелері мен талқылама

«Зайырлылық» ұғымын тереңінен сараптау үшін, ең алдымен Франциядағы «Үкімет пен діннің бөлінуін» толық қолдайтын себептерді тарихи тұрғыда талдап көруіміз қажет. Кәсіби терминдер сөздігінің түсіндірмесіне сәйкес, 1958 жылғы Конституцияда қолданылған «зайырлылық» ұғымы «кез-келген дінді ұстана алады» деген қағиданы алға тартты. Француз елінің зайырлылығы 1905 жылғы бөліну туралы Заңда және 1946 жылғы Конституцияда Франция Республикасы жариялаған сенімнің бейтараптығын білдіреді.

Сөздікте «зайырлылық» ұғымы келесі аспектілерді қамтитындығы көрсетілген:

(1) Француз Үкіметінің теократиялық емес атрибуттары;

(2) барлық қоғамдық билік Мемлекеттік департаментте шоғырланған және оған ешқандай діни билік қатысуға рұқсат етілмейді;

(3) қоғамдық тәртіпке қауіп төндірмей, діни сенім бостандығын құрметтеу;

(4) пікірлер мен нанымдардың әртүрлілігін құрметтеу (Casanova, 2009: 40-49).

Қазақстан мемлекеті дінге қатысты нақты саясат жүргізеді және қоғам мен ұлттың қауіпсіздігін қорғау қағидаты негізінде саясат пен дін арасындағы дәйекті өзара байланысты орнатуды мемлекеттің міндеті деп есептейді.

XIX ғасырдың басындағы әйгілі француз энциклопедисті Эмиль Литтре «зайырлылық» ұғымын «барлық культтерге бейтарап, діни қызметкерлерден тәуелсіз және кез-келген теологиялық тұжырымдамадан босатылған» мемлекеттің белгісі деп санады. И.В. Понкин зайырлылықты мемлекеттік немесе қоғамдық институттардың, қоғамдық өмір салаларының сипаттамасы ретінде анықтайды, олардың жалпы азаматтық, дүниелік бағытын, діни немесе идеологиялық санкциялардан немесе қысымнан, қызметі идеологияны таратуға бағытталған діни бірлестіктерден немесе оларға бағынудан тәуелсіздігін көрсетеді. С.В. Фомина «зайырлы мемлекет – бұл діннің, оның догматикасы мен әдет-ғұрпының, әртүрлі діни ұйымдар мен олардың өкілдерінің оның саяси және құқықтық институттарының құрылымы мен қызметіне, мемлекеттік білім беру жүйесіне және мемлекеттік өмірдің басқа салаларына қандай да бір ықпалынан ада мемлекет» деген анықтама береді (Starrett, 2018: 11-13).

Тарих сахнасына көз жүгіртсек, «зайырлы мемлекет» ұғымын ең алғаш талдаған Аврелий

Августин болды. Оның пайымдауынша, мемлекет пен дін екі бөлек болуы керек. Танымал реформатор, Инжілді неміс тіліне тәржімалаған Мартин Лютер мемлекеттік билік пен дінді байланыстырудың қажет еместігін басты нысанға алды. Оның пікірінше, қандай да қоғам болмасын, ол ең бірінші жаманшылықпен, жауыздықпен күресуі керек деген идеяны алға тартты.

Зайырлы мемлекет теориясы, шынтуайтында, Ағарту дәуірінде өрістеді. Жан-Жак Руссо, Вольтер, Шарль Монтескье іспетті белгілі ойшылдар шіркеу билігіне қарсы шығып, зайырлы мемлекет теориясын ғылымға енгізеді.

Ал, Томас Джефферсон зайырлылық тұжырымдамасы мен зайырлылық теориясының арасында айырмашылық бар деп мәлімдейді. Бұл ұғым көп өлшемді және тарих берген мағыналарға толы.

Секуляризация тұжырымдамасының көптеген мағыналары мен қайшылықтары болғандықтан, аталмыш ұғымды талдау, сараптау біршама қиындықтарға алып келді. Зайырлылық теориясы, белгілі ғалым Д. Уоттың пікірінше, астарлы ұғымға ие. Яғни, секуляризация теориясының өзегі мен орталық тезисі қоғамды модернизациялау процесін зайырлы салаларды – ең алдымен мемлекеттің, экономика мен ғылымның – діни саладан функционалды саралау және босату процесі ретінде тұжырымдау. Сонымен қатар, дінді өзінің жаңадан табылған шеңберінде саралау мен мамандандыру болып табылады.

Зайырлылық – бұл тарихы терең және арнасы кең, күрделі, тіпті кейде қарама-қайшы философиялық, саяси, идеологиялық және құқықтық түсініктердің жиынтығын білдіретін ұғым. «Зайырлылық» термині екі түрлі бірдей шындыққа, атап айтқанда философиялық-мәдени және саяси-институционалдық салаларға қатысты қолданылады. Зайырлылық философиялық және мәдени салада идеологиялық мәнге ие болуы мүмкін, яғни ол «зайырлы идеологияны» білдіре алады.

Мәселен, Нидерланды мемлекетіне тоқталатын болсақ, аталмыш елде шіркеуді мемлекеттен бөлу идеясы бұрыннан бар. Кейбір тарихшылар шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі ерте христиан дінінен бастау алады деп мәлімдейді. XVIII ғасырдың аяғында жаңа көзқарас пайда болды: көпшілігі голландиялық реформаланған шіркеудің артықшылықтарын жойғысы келді. XVII ғасырдың басында реформаланған шіркеу Голландия Республикасында рұқсат етілген жалғыз діни ұйым болды. Кальвинистік доктрина Нидерландияда монополиялық жағдайға

ие болды. Яғни, кальвинизм дегеніміз – әйгілі француз теологы Жан Кальвинның ойлап тапқан протестантизмнің бір бағыты. 1571 жылы Голландияда кальвинизм тереңінен дамып, Нидерландтық реформаттық шіркеу пайда болады. Кейіннен Голландиядан шыққан кальвинистер Ұлыбританияға үдере көшіп, пуритан есімімен әйгілі болады. Кальвинизм Голландияның ұлттық мінезін қалыптастыруда жетекші рөл атқарды (Martínez-Torrón, Durham, 2011: 20-25).

Дени Дидро мен Вольтер сияқты философтар өз еңбектерінде католик шіркеуінің билігін сынға алды. Жеке автономия мен табиғи теңдік туралы ағартушылық идеялар, ұлтшылдықтың алғашқы формасы және жеке діни сенімдерге жаңа теологиялық екпін мемлекеттің дінге қатысты рөлі туралы басқаша көзқарасқа әкелді.

1796 жылы Голландия мемлекеті мен реформаланған шіркеу арасындағы байланыс үзілді. Осы сәттен бастап «шіркеуді мемлекеттен бөлу» ұғымы енгізілді. Кейіннен бұл қағида қағазға түсірілмеді. Осыған байланысты бұл ұғымның мағынасы ешқашан айқын болған емес. Тұжырымдама шіркеу мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас қандай болуы керек екенін емес, қолайсыз екенін көрсетті. Француз оккупациясынан кейін Нидерланды Корольдігі діни бостандық пен шіркеудің мемлекеттен бөлінуін орнатты. 19 ғасырда шіркеу мен мемлекет арасындағы институционалдық қатынастарды бөлуге баса назар аударылды. Осы кезеңдегі тақырыптар алдын-ала қадағалауды жүзеге асыру және шіркеу функцияларын тағайындау болды. Бұл біржақты шешім: Үкімет дінге араласпауы керек. Бұл шіркеуді мемлекеттен бөлу принципіне қатты әсер етті. Бұл принциптің жалпы идеясы – шіркеу мен мемлекет арасындағы қатынастар азайған сайын бөліну процесінің сәтті болуында еді (Hoffstaedter, 2013: 477).

Осы тарау шеңберінде діни сенім бостандығы сияқты мемлекеттің зайырлылық қағидаты ерекше назар аударуға лайық. Мәселен, «Зайырлы мемлекет» ұғымына сәйкес, бірқатар халықаралық құқық актілері пайда болды:

1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (19-бап),

1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакт,

1950 жылғы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенция,

1981 жылдары төзімсіздік пен кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы Декларация (Құрманәлиева, Токтарова, 2010: 91-95).

Ғылыми еңбектерде кездесетін зайырлылықтың басқа қағидаттарына да назар аударайық: азаматтардың әскери қызметті діни себептер бойынша баламалы азаматтық қызметпен алмастыру құқықтарының кепілдігі, мемлекет діни бірлестіктерге тек ғибадат заттарына ғана емес, жерге, ғимараттарға, құрылыстарға және басқаларға меншік құқығын таниды. Осылайша, ғылыми зерттеулерде келтірілген тұжырымдарға сүйене отырып, зайырлылықтың бірнеше қағидасын ажыратуға болады:

1. Мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара бөлінуі.

2. Діни бірлестіктердің теңдігі

3. Мемлекеттік, ресми діннің, сондай-ақ өзге де идеологиялық ілімнің болмауы (Jensen, 2008: 122-123).

Саяси тұрғыда исламды зерттеуде дін мен мемлекет арасындағы қатынастардың үш моделі бар: интегралистік, зайырлылық және симбиотикалық. Бірінші модельде ислам жеке және әлеуметтік өмірдің барлық аспектілерін қамтитын жан-жақты ілім ретінде қарастырылды. Ислам – бір мезгілде дін және мемлекет (әл-Ислам хува әл-дин ва алдаула). Иран мен Сауд Арабиясы сияқты елдер исламдық және мемлекеттік қатынастардың осындай интегралистік моделінің мысалы ретінде қарастырылады. Зайырлы модельде дін мен мемлекеттің аумағы бөлінген. Дін – бұл жеке іс, ал мемлекет – қоғамдық іс. Жеке іс ретінде мемлекет діни істерге араласа алмайды. Түркия осы зайырлы модельді қолданатын мұсылман елі деп саналады.

Үшінші модельге сәйкес, симбиотикалық мемлекет пен діннің билік органдары әртүрлі, бірақ зайырлы модельдегідей немесе интегралистік модельдегідей бөлінбейді. Бұл модельде дін таза және тиімді мемлекетті басқарудың этикалық негізі болып табылатын құндылықтарды қамтамасыз етеді (Blackford, 2012: 38).

Мемлекеттің өзі діни нормалардың күшіне енуіне кедергі жасамай-ақ кепілдік береді. Индонезия мемлекеттік және діни қатынастардың үшінші моделін ұсынады деп саналады. Көбінесе бірінші модель, интегралист, Ислам мемлекетін жүзеге асырудың тамаша негізі болып саналады. Ол моделі нақты тарихи Ислам мемлекетінің үлгісі болуы мүмкін деген Құранды заманауи оқу парадигмасынан алшақтатын жаңа тәсілді ұсынады. Сәйкесінше, бостандық, ұлт және зайырлылық маңызды принциптер болып табылады, олардың нормативтік этикалық негіздерін Құраннан табуға болады.

Қорытынды

Қай заманда да діннің рөлі әр мемлекеттерде маңызды орынға ие болды. Адамзат тарихында сенім мәселесі, дін мәселесі нақты бір байламға келетін мәселе емес екендігі ғасырлар бойы дәлелденіп келеді. Аталмыш мәселе бірнеше факторлардан туындайды, мысалы, ғылыми-техникалық дамудың адам өміріне әсері. Орта ғасырларда адамдар күн жерді айналады деп сенді. Алайда, XV ғасырда Николай Коперник (1473-1543) есімді ғалым ғылым жолына үлкен жаңалықпен келді. Ол жер күнді айналады немесе күн Күн жүйесінің орталығы болып табылады деген мәлімдеме жасады. Бұл теорияның пайда болуымен геоцентрлік теория гелиоцентрлік теориямен алмастырылды. Бір қызығы, Николай Коперниктің теориясы шіркеумен үлкен қақтығыстар тудырмады. Себебі, Николай Коперник өз кітабының кіріспе бөлімінде теория есептеулерді жеңілдету үшін пайда болғанын түсіндіреді.

XIX ғасырда дін эволюция теориясының пайда болуымен тағы да қос жақты пікір-таласқа тап болды. Чарльз Дарвин (1809-1882) өзінің «Түрлердің шығу тегі» кітабында адамның шығу тегін түсіндірді. Чарльз Дарвиннің пікірінше, адамның өмір сүруі ұлы маймылдардың эволюциясының нәтижесі болып табылады. Адамдар эволюцияның арқасында пайда болды. Әрине, бұл теория христиандық нанымдарға қайшы келеді. Жазбаларда адамның Құдай бейнесінде жаратылғаны туралы айтылады. Адам – маймыл эволюциясының нәтижесі емес, Құдайдың жаратылысы. Осылайша, Чарльз Дарвиннің теориясы христиандық нанымдарға қатты қайшы келеді. Сонымен қатар, Чарльз Дарвин жазбаларда жазылған жаратылыс тарихын жоққа шығарды. Осыған тап болған шіркеу бір орында тұрмайды. Шіркеу бір кездері еретикалық деп саналатын ілімдердің бірнеше тізімін шығарды, ал осы ілімдерді ұстанған адамдар еретиктер болып саналды (Chelini-Pont, Ferchiche, 2015: 23).

Зайырлылықты талқылаған ең көрнекті тұлғалардың бірі Харви Кокс болды. Харви Кокс өзінің әйгілі «Зайырлы қала» (1965) кітабында зайырлылық туралы ойларын айтты. «Зайырлы қала» кітабын Харви Кокс Америка Құрама Штаттарын президент Джон Кеннеди басқарған кезде жазған. 1961 жылдың басында Кеннеди Америка Құрама Штаттарының 35-ші президенті болып сайланды. Ол 43 жасында Президент болып сайланды және Теодор Рузвельттен ке-

йінгі екінші ең жас президент болды. Бір қызығы, Джон Кеннеди Америка Құрама штаттарының алғашқы католик президенті болды (Gamon, Tagoranao, 2018: 52). Харви Кокс аталмыш еңбегінде зайырлы мемлекеттің теориялық және практикалық тәжірибелерін кеңінен талдап, қарастырады.

Қазақстандық саясаткерлер белсенді түрде ұлттар қауымдастығында өзін-өзі ұстай алатын заманауи мемлекет құруға ұмтылды. Осылайша, олар қазіргі мемлекеттерді құрудағы басқа мемлекеттердің жиі кездесетін қиын тәжірибелеріне сүйене алды. Бұл процесс әлі аяқталған жоқ және мемлекет өзінің алға жылжу траекториясын жалғастыра отырып, жаңа қиындықтарға тап болады. Бастапқыда айтылғандай, батыстық түрғыдан зайырлы мемлекеттіліктің тамырын XVIII ғасырдың аяғындағы ірі саяси қозғалыстардан, атап айтқанда Американдық және француздық революциялардан іздеуге болады. Осы уақыт кезеңіндегі толқулар дін мен саясатты заңға бөлудің салыстырмалы түрде жаңа идеясын бекіте бастады (Blackford, 2012: 217-219).

Жаңадан пайда болған Америка құрама штаттарының «Мемлекеттік Бейтараптық» моделі жағдайында шіркеу мен мемлекетті бөлу діни әдет-ғұрыптарды үкіметтің араласуынан, сондай-ақ азшылықтардың рухани тәжірибелерін қудалаудан қорғау тәсілі ретінде қарастырылды (Assyaukanie, 2019: 210).

Алайда, «Скептикалық» модель жағдайында басты мақсат мемлекетті Шіркеу мен діни органдардың араласуынан қорғау болды. Бастапқыда талқыланғандай, осы екі модель арасындағы көзқарастың айырмашылығы американдық зайырлылық практикасы мен француздық лаицизм тұжырымдамасын салыстыруда айқын көрінетін маңызды айырмашылықтарды тудырды (Zussa, 2019: 494-510).

Сондай-ақ «Біріктіру» моделі саяси және рухани салалардың бірігуін болжайды. Бұл жүйеде мемлекет халыққа белгілі бір дінді таңуға тырысады. Басқа діндерге тыйым салынады және қуғын-сүргінге ұшырайды, олардың жақтастары қуылады немесе дінге келуге мәжбүр болады. Айта кету керек, мемлекеттік дін заң мен білімге енеді, олардың екеуі де діни принциптерге негізделген. Бұл жүйе саяси билікті діни институттарға бағындыра алады (Pandey, 2017: 158-160).

Ал, термоядролық модельдің тарихи және заманауи мысалдары өте көп. Византия империясын кейінірек цезоропапизм деп аталатын жүйе басқарды, онда діни мәселелер мемле-

кеттік басқарудың бір бөлігіне айналған. Тіпті. Вестфалияға дейінгі Еуропаның көп бөлігі осы модельдің элементтерін көрсетті. 1555 жылғы Аугсбург «Бейбітшілігі» дінді «Cuius regio, eius religio» (мемлекет кімнің иелігінде болса, дін де соның иелігінде) қағидатын енгізу арқылы реттеді. Ал, Швеция азаматтарының 1873 жылға дейін «католик» дінінің өкілі болуы заңсыз болып есептелді (Cornell, Starr, Tucker, 2017: 95).

Қорыта айтқанда, секуляризация тенденциясы қай кезде де маңызды мәселе болып табылады. Даму және модернизация – бұл өзгеру процесі, ұлттың талабына айналды. Өйткені ой-өрісінің дамуымен адамзат келесідей философиялық толғамға сенді: яғни, бүгінгі күн кешегі күннен жақсы болуы керек, ертеңгі күннің болашағы зор, өйткені ол бүгінгі күннен әлдеқайда жақсы болып есептеледі.

Әлемдегі әрбір діннің өзіндік сипаты болғандықтан, әр діннің зайырлылыққа реакциясы әр түрлі болады. Кейбіреулерге секуляризацияны қабылдау оңай, бірақ кейбіреулерге оны қабылдау қиын. Демек, бір діннің ізбасарлары мен басқа діннің ізбасарларының көзқарастары да әртүрлі, дегенмен кейде ой ағымы бірдей болады. Алайда, сенімнің негізі бұл пікірге қатты әсер етеді.

АЛҒЫС

Бұл ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің жобасы негізінде қаржыландырылды (Грант №АР19675827 «Әбу Насыр әл-Фараби іліміндегі тіл философиясы мен философия тілі»).

Әдебиеттер

- Adilet.zan.kz (2022) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
- Assyaukanie, L. (2009) Islam and the secular state in Indonesia. Institute of Southeast Asian Studies. – 262.
- Blackford, R. (2012) Freedom of religion and the secular state (Vol. 38). John Wiley & Sons. – 224
- Casanova J. (2009) The secular and secularisms. *Social Research: An International Quarterly*, 76(4), 1049-1066.
- Chelini-Pont B, Ferchiche N (2015) Religion and the secular state: French report //Religion and the Secular State: National Reports. – 24.
- Cornell, S.E., Starr, S.F., Tucker, J. (2017) Religion and the secular state in Kazakhstan. Central Asia-Caucasus Institute, Paul H. Nitze School of Advanced International Studies. – 95.
- Gamon, A. Tagoranao, M. S (2018) Zakat and poverty alleviation in a secular state: The Case of Muslim minorities in the Philippines. *Studia Islamika. Indonesian Journal for Islamic Studies*. Vol. 25. – 48-52
- gov.kz (2020) Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2020-2023 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру қорытындылары туралы ақпарат. https://www.gov.kz/uploads/2020/4/8/03967158d84c93d409340eff5e1049a6_original.53247.docx
- Hoffstaedter (2013) Secular state, religious lives: Islam and the state in Malaysia. *Asian Ethnicity*, 14(4). – 475 -489.
- Jensen, T. (2008) RS based RE in public schools: A must for a secular state. – *Numen: Koninklijke.Brill NV* 55 (2-3). – 122-150.
- Juergensmeyer, M. (2023) The new cold war: Religious nationalism confronts the secular state. – Los Angeles: University of California Press. – 292.
- Martínez-Torrón, J., Durham (2011) Religion and the secular state. In *General Reports of the XVIII Congress of the International Academy of Comparative Law/Rapports Généraux du XVIIIème Congrès de l'Académie Internationale de Droit Comparé*. – Dordrecht: Springer Netherlands. – 28.
- Pandey, G. (2007) The secular state and the limits of dialogue. The crisis of secularism in India: Published by Duke University Press. – 157-176.
- Starrett G. S. (2018) Who Put the Secular in Secular State //Brown J. *World Aff.* – T.6. – 16.
- Zucca, L. (2019) The crisis of the secular state—A reply to Professor Sajó. *International Journal of Constitutional Law*, 7(3). 494-514.
- Алтайқызы А. (2021) Қазіргі дінтанудағы зайырлылықтың үлгілері. //Адам әлемі. – Т. 88. – №. 2.
- Досмахамбетұлы Ф., Онучко М. (2023) Дін Және Қоғам: теориялық-гносеологиялық аспект. *Вестник «Социологические и политические науки»*. – № 3. – 71.
- Иванченко, Е.А. (2022) Мусульманская община во Франции: проблемы религиозной и социокультурной интеграции. – М: Электронный архив библиотеки МГУ имени А. А. Кулешова. – 21-22.
- Құрманәлиева А., Токтарова Г. (2010) Діни ұйымға тартудағы психологиялық әдістер ерекшелігі. *ҚазҰУ Хабаршы. философия, мәдениеттану және саясаттану сериясы*. – № 34. – 1. – Алматы: Қазақ университеті баспасы. – 91-95.

References

- Adilet.zan.kz (2022) Kazaqstan Respublikasy normativтік qūyqyтыq aktіlerіnіn aqparattyq-qūyqyтыq jūiesі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (in Kazakh)
- Altaikyzy, A. (2021) Qazirgi dintanulyq zertteulerdegi zaiyrlylyqtyñ ūlgіleri [Patterns of Secularism in Contemporary Religious Studies]. Adam әlemi. – T. 88. – №. 2. (in Kazakh)
- Assyaukanie, L. (2009) Islam and the secular state in Indonesia. Institute of Southeast Asian Studies. – 262.
- Blackford, R (2012) Freedom of religion and the secular state (Vol. 38). John Wiley & Sons. – 224
- Casanova, J. (2009) The secular and secularisms. Social Research: An International Quarterly, 76(4), 1049-1066.
- Chelini-Pont, B, Ferchiche, N. (2015) Religion and the secular state: French report //Religion and the Secular State: National Reports. – 24.
- Cornell, S.E., Starr, S.F., Tucker, J. (2017) Religion and the secular state in Kazakhstan. Central Asia-Caucasus Institute, Paul H. Nitze School of Advanced International Studies. – 95.
- Dosmakhambetuly, G., Onuchko, M. (2023) Din Zhәne Qoram: teorijalyk-gnoseologijalyk aspekt. Vestnik «Sociologicheskie i politicheskie nauki» [Religion and Society: Theoretical and epistemological aspect. Bulletin “Sociological and political sciences”]. – T. 71, №. 3. – 64-74. (in Kazakh)
- Gamon, A. Tagoranao, M. S. (2018) Zakat and poverty alleviation in a secular state: The Case of Muslim minorities in the Philippines. Studia Islamika. Indonesian Journal for Islamic Studies. Vol. 25. – 48-52
- gov.kz (2020) Kazakhstan Respublikasynyn din salasyndary memlekettik sajasatynyn 2020-2023 zhyldarga arналған tuzhyrmdamasyn iske asyru zhәnindegi is-sharalar zhosparyn iske asyru korytyndylary turaly akparat [Information on the conclusions of the implementation of the action plan for the implementation of the concept of the state policy of the Republic of Kazakhstan in the field of religion for 2020-2023]. https://www.gov.kz/uploads/2020/4/8/03967158d84c93d409340eff5e1049a6_original.53247.docx (in Kazakh)
- Hoffstaedter (2013) Secular state, religious lives: Islam and the state in Malaysia. Asian Ethnicity, 14(4). – 475 -489.
- Ivanchenko, E. (2022) Musul'manskaja obshhina vo Francii: problemy religioznoi i sociokul'turnoi integracii [The Muslim community in France: problems of religious and socio-cultural integration]. – M: Jelektronnyj arhiv biblioteki MGU imeni A. A. Kuleshova. – 21-22. (in Russian)
- Jensen, T. (2008) RS based RE in public schools: A must for a secular state. – Numen: Koninklijke.Brill NV 55 (2-3). – 122-150.
- Juergensmeyer, M. (2023) The new cold war: Religious nationalism confronts the secular state. – Los Angeles: University of California Press. – 292.
- Kurmanaliyeva, A., Toktarova, G. (2010) Dini ūiymğa tartudaғы psihologialyq әdister ereksheligi [Peculiarity of psychological methods in attracting religious organizations]. Vestnik KazNU. Seria filosofii, kùlturologii i politologii. № 34. – 1. – Almaty: Qazak universiteti baspasy. – 91-95. (in Kazakh)
- Martinez-Torrón, J., Durham (2011) Religion and the secular state. In General Reports of the XVIII Congress of the International Academy of Comparative Law/Rapports Généraux du XVIIIème Congrès de l'Académie Internationale de Droit Comparé. – Dordrecht: Springer Netherlands. – 28.
- Pandey, G. (2007) The secular state and the limits of dialogue. The crisis of secularism in India: Published by Duke University Press. – 157-176.
- Starrett, G. S. (2018) Who Put the Secular in Secular State //Brown J. World Aff. – T.6. – 16.
- Zucca, L. (2019) The crisis of the secular state—A reply to Professor Sajó. International Journal of Constitutional Law, 7(3). 494-514.

Авторлар туралы мәлімет:

Кушербаева Әлия Батырбекқызы (корреспондент автор) – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: aliya_k2023@mail.ru).

Әлікбаева Маржан Башанқызы – философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, email: montilove2013@gmail.com).

Information about authors:

Kusherbayeva Aliya Batyrbekkyzy (corresponding author) – PhD student of the Department of Religious and Cultural Studies of the Faculty of Philosophy and Political Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: aliya_k2023@mail.ru).

Alikbayeva Marzhan Bashankyzy – Candidate of Philosophical Sciences, Senior Lecturer of the Department of Religious and Cultural Studies of the Faculty of Philosophy and Political Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, email: montilove2013@gmail.com).

Сведения об авторах:

Қушербаева Алия Батырбековна (корреспонденттiй автор) – PhD докторант кафедрaы религиоведения и культурологии факультета философии и политологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: aliya_k2023@mail.ru).

Аликбаева Маржан Баиановна – кандидат философских наук, старший преподаватель кафедрaы религиоведения и культурологии факультета философии и политологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, email: montilove2013@gmail.com).

Тiркелдi: 22.01.2024

Қабылданды: 13.12.2024